



# Жалағаш

## Жаршысы



№47 (9934)  
13 маусым  
сейсенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

## Тілсіз жау тыныштықты бұзды

Қазір әлемде орман өрті тым көбейіп бара жатыр. Күн күрт ысыған қазіргідей уақытта жайқалған қалың орманның бір-ақ сәтте күлі көкке ұшуы бек мүмкін. Еліміздегі орман алқаптарының басым бөлігі шығыс және солтүстік аймақтарда шоғырланған. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің соңғы ресми мәліметіне сәйкес, 2022 жылы 1 қаңтардан елдегі орманның жалпы қоры 13,6 млн гектар алқапты құраған. Алайда соңғы жылдары орын алған алапат орман өрті мыңдаған гектар жасыл желекті тұтастай күлге айналдырды. Өткен жылы ғана елді алаңдатқан Қостанайдағы аса ірі өрттің салдарынан Аманқарағай, Әулікөл аумағындағы қалың орманның 40 мың гектарға жуығы отқа оранған. Сондай-ақ қызыл жалын Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының аумағында да мыңдаған гектар алқапты шарпып, шоқ-шоқ қарағай мен қайың ағаштарын жалмап кетті. Дәл бұлай жалғаса берсе, табиғаттың иен байлығынан көз жазып қалуымыз ғажап емес.

Абай облысындағы елді дүрбеленге салған орман өртінің жалғасын жақында бірнеше күн болды. Тұтас ел тілсіз жаудың тақиретін тартып жатыр. Қазіргі уақытта 60 мың гектарға жуық орман алқабы өртке оранған. Апат аймағында үш бағытта, оңтүстік, батыс және шығыс жиекте өртті сөндіру жұмыстары жалғасып жатыр. Шығыс бағытта ауыр техникамен минералданған жолақтар жасау жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, өрт сөндіруге 300-ге жуық техника, 1500-ге жуық адам және 11 тікұшақ жұмылдырылған. Сонымен қатар өрт аумағын аэровизуалды тексеру және өрт ошақтарын аяуадан су түгелді жүзеге асыру үшін 14 тікұшақ тартылды. Өртті сөндіру жұмыстары басталғаннан бері өрт ошақтарына әуеден 621 рет су төгілген, жалпы көлемі 1900 тоннаны құрайды.

Иә, күш бермей жатқан тілсіз жауды ауыздықтауды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тікелей бақылауына алып, сөңбіде Абай облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында Президент орман алқаптарындағы өрт сөндіру жұмыстарымен танысты, шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді және өрт кезінде қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің туыстарымен кездесті.

Бір өкініштісі, тілсіз жаудың зұлматы 14 адамның өмірін жалмады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алапат өрттің салдарынан қаза тапқан азаматтарды еске алу үшін 12 маусымды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Сондай-ақ осы қайғылы жағдайға кінәлілердің бәрі заң бойынша жауапқа тартылатынын да жеткізді.



Сонымен қатар бытыр Қостанай облысындағы өрттен кейін азаматтық қорғаныс мекемелерінің, жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға нақты дайындығын тексеру жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Өкінішке қарай нәтижесі көңіл кеншітпейді. Материалдық-техникалық жабдықтау көрсеткіші 69, функционалдық инфрақұрылыммен жабдықтауы 63 пайыз деңгейінде. Ал орталық және жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға әзірлігі – жетпіс-ақ пайыз.

Ал мамандар орман өртінің көбеюі мен олардың салдарының ауыр болуын орман шаруашылықтарында білікті кадрлар мен қажетті техникалардың, құрал-жабдықтардың жетіспеушілігімен байланыстырады. Абай облысындағы өрттің дер кезінде ауыздықталмауына тиісті жабдықтардың жетіспеуі себеп болғанын төтенше жағдай қызметкерлері де мойындауда. Яғни өрт сөндіруге қажетті техникалардың, мотопомпалар мен радиостансаларының болмауы тілсіз жаумен күресуде едәуір қиындық келтірген.

Иә, экологиялық залап салдарымен күрескенше оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Сондықтан Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін қатаң тапсырды. Үкімет дайындық көрсеткіштерін төтенше жағдайларға тиісті дәрежеде төтеп беретін деңгейге жеткізуі қажет. Мәселен, әлемде еріктілер отрядтарын тарту тәжірибесі кеңінен қолданылады және оларды оқытады, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді және сақтандыру шаралары қарастырылады. Бізде де бұл нормалар заң жүзінде қарастырылған. Бірақ біз жүзінде қарастырылған. Бірақ біз жүзінде қарастырылған. Бірақ біз жүзінде қарастырылған.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

### Өңір өнімі



## Бие байлап, саумал сауған

«Сары қымыз сүйегіне сіңсе, сан ауруды кеседі» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Қымыз, оның ішінде саумал барлық дертке шипа, ағаға күш береді. Бүгінде адамдар, әсіресе балалар тәтті суларға үйір болған. Соның орнына сары алтындай үйірілген қымыздан ішсе, өзінің денсаулығына пайда, шөлді де қанар еді. Бірақ біздің ауылда саумалға деген сұраныс артып келеді. Бие сауып отырған соң жақсы білемін. Шүкір, бүгінде 5-6 тұрақты тұтынушы бар, күнде келіп, саумал ішіп кетеді, – деп бастады әңгімесін бие байлаған мырзабайлық кәсіпкер Айгүл Омарова.

Иә, қымыз – қазақ халқының ұлттық сусындарының ішіндегі ең құрметтісі. Ол тек қана бие сүтімен ашытылады. Бие сүтінің осындай ерекше қасиеттерінің арқасында қышқыл да дәмді, адам ағзасына шипалық сусын пайда болады. Баршаңызға белгілі қазақ халқы өзін қымыздың ең мықты саралшысы деп санайды. Сондықтан болар, біз де ауылға барып тұрған соң жылқы байлап, саумал сауған кәсіпкердің шаңырағына соғып, жұмысының тынысымен танысуды жөн көрдік.

Айгүл Омарова ауладағы қорасына 2 биені байлап қойыпты. Жылқының шөбі, су-жемі алдында, одан мәселені жоқ көрнеді. Жолдасы Сағдат Ілиясов жаз түссе, көпке бармай-ақ ауыл маңайынан мал азығын, яғни жоңышқасын дайындап алады.

Ауылда тұрып, атакөсіппен айналыспай, жұмыс жоқ дегенді сыйлау санаған Айгүл апай осыдан 1 жыл бұрын мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, 2 биені сатып алады. «Үш бие – бұлақ, екі бие – ел асы, бір бие – жоқтың қасы» демекші, бүгінде ол ауыл тұрғындарына саумал мен қымызбен қамтып отыр. Тіпті аудан орталығынан келіп, саумал ішуге ниет білдіргендер де бар екен.

Иә, тірлік бастасан, тынысың да кеңейтін тағы бар, келешекте кәсіпкер мемлекеттен қаржылай қолдау көріп жатса, кәсібин кеңейтіп, өнімін аудан орталығына, тіпті Қызылорда қаласына да өткізу ойында бар. Әрине «Қолы қимылдаған адам кедейліктің дөмін татпайды» деген сөз бар емес пе? Біз де Айгүл апайдың жоспарын құптап, сәттілік тіледік. Ал ауыл әкімдігінің қызметкері Роза Жоламанова да бұл мәселе бойынша көмек беретінін жеткізді.

Бие сауып, қымыз пісу машақаты көп, уақыт алатын күрделі жұмыс екені белгілі, десе де ауылға да заманауи үдерістің бір ұшы келіпті. Айгүл апай биені арнайы сауын құрылысы арқылы күніне 5 рет 3 сағат сайын сауады екен. Бір сауым сүт жарты немесе бір литрге дейін жетеді. Түсте қорада тұрған жылқыларды екі сағаттай кездіреді. Кешке таман жылқышылар малды тағы да серуендетіп, көрші жайылымдағы жоңышқаға апарды. Бір қызығы, биелерді әрі кетсе 1 минутта тез сауып болу керек. Өйткені төрт түлік малдың ішіндегі жылқы – өте кірпияз, тазса, кінәмшіл, судың тазасын ғана ішетін мінәзді жануар.

Кәсіпкер негізінен өнімін саумал түрінде өткізеді, ал артылғанынан қымыз піседі. Саумалдың 1 литрін 1000 теңгеден сатады. Қымызға су құйып, қымыздың дәмі мен сапасын кетіргенше, бағасын 100 теңгеге көтерген тиімді деген қағидауы ұстанатын кәсіпкердің өніміне сұраныстың жоғары болуының сыры осы шығар.

Жандос Жазкен



СҰХБАТ



Жалағаш жұртының дертіне дауа табуда аудандық денсаулық сақтау бөлімінің мамандары уақытпен санаспай еңбек етуде. Кешегідей ахуал күрделенген тұста да олардың антына адал екеніне тағы бір мәрте көз жетті. Тіпті редакцияға келіп, ондағы қызметкерлердің қызметіне алғыс айтуға тұрғындар да бұл сөзімізді қуаттайды. Қазір, аты жаман «тәжтажал» тыйылды, оған қарсы еңбек еткен бұл ұжымның нәтижелі жұмысы да елдің көз алдында. Десе де маусымдық кезеңдерде қатары артатын жұқпалы аурулар, тұмау және басқа да дертке қарсы ем шаралар толастамайды. Аудандағы медициналық нысандар қажетті құрал-жабдықтармен, заманауи аппараттармен жарақталған ба, тұрғындар денсаулығын жақсартуда нөндер кедергілер бар, аурудың алдын алу үшін қарапайым халыққа қайтпек керек? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтовпен сұхбаттасқан едік...

Денсаулық бәрінен маңызды

— Еркебұлан Мақсұтовты, ауданда жалпы қанша медициналық нысан бар және олардың заманауи аппараттармен, қажетті құрал-жабдықтармен жарақталуында, маман тапшылығына қатысты мәселелер бар ма?

— ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Дені сау ұлт әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жалағаш ауданының денсаулық сақтау саласында медициналық қызметті жетілдіру, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медицинамен қамтамасыз ету, профилактикалық медицинаны дамыту, аурудың алдын алу шаралары мен алғашқы медициналық көмекті жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша жұмыстар ұдайы жүргізілуде. Қазіргі таңда аудан халқына аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, 12 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 2 медициналық бекет қызмет көрсетеді. Жалпы халық санының ішінде 14 жасқа дейінгі бала саны — 10 757, жасөспірімдер — 1 699, ересектер саны — 20 215. Бұл емдеу мекемелерінде 89 дәрігер, 428 орта буын қызметкер, 152 кіші буын қызметкер халық денсаулығына жұмыс жасайды. Аудандағы емдеу және алдын алу ұйымдарында 89 жоғары білімді дәрігер жұмыс жасайды, 10 мың тұрғынға шаққанда дәрігермен қамтылу деңгейі — 26,2 пайыз. Жоғары санатты 17, I санатты 18 және II санатты 18 дәрігеріміз бар. Аудандағы емдеу және алдын алу ұйымдарында 428 орта буынды медицина қызметкері жұмыс жасайды. Дәрігер мамандарға қажеттілікке қатысты сұраққа келсек, Есет батыр, Мақпалкөл ауылдары мен Жалағаш кентінде жалпы тегірибелі дәрігер, оториноларинголог, УДЗ дәрігері, травматолог дәрігер, офтальмолог, анестезиолог-реаниматолог мамандары қажет.

— Жартижылдық та түгелсізге тау, осында уақытты ел ішіндегі аурушаңдық деңгейі қалай?

— Аудан бойынша 5 айда 88 635 дәрігерлік қабылдау жүргізілді. 1 тұрғынға шаққанда көрсеткіш — 2,7. Оның ішінде ауруы бойынша келгендер саны — 39 982. Жалпы дәрігерлік қабылдауға келгендер саны алдыңғы жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда 3 543 жағдайға жоғары. Үйде қаралу жағдайы 2023 жылдың 5

айында 6 799-ды құрады.

Был 5 айда алғаш тіркелген аурушаңдық саны — 6 558. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырсақ, алғаш тіркелген аурушаңдық көрсеткіші 5,9 пайызға жоғарылаған. Атап айтқанда, 2023 жылдың 5 айында алғаш рет тіркелген аурулардың ішінде жүйке жүйесінің аурулары көш бастап тұр. 5 айда аталған дерттің 859 жағдайы тіркеліп, былтырғымен салыстырғанда 6,8 пайызға өскен. Мұнан кейінгі орынға тыныс алу жүйесінің аурулары жайғасады. Бұл дерт бойынша был 5 айда 763 жағдай тіркеліп, былтырғымен салыстырғанда 41 пайызға өскен. Үшінші орында сүйек-бұлшық ет аурулары тұр. 5 айда 751 жағдай тіркеліп, былтырғы жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда 4,2 пайызға көбейген.

Аудан бойынша «Д» есепте ЭРДБ бағдарламасы бойынша барлығы 9 759 адам тұрады, оның ішінде ересектер — 8079, 17 жасқа дейінгі балалар саны — 1 680. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі» шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтардың, оның ішінде белгілі бір аурулары бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен медициналық мақсаттағы бұйымдармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» 29 тамыздағы №666 бұйрығына сәйкес, аудан бойынша тегін дәрі-дәрмекпен қамту барысында 98 214 398,19 теңгеге 16066 рецепт жазылды. Бүгінде белінген дәрі-дәрмектер 57,6 пайызға игерілді.

— Ауданда демографиялық көрсеткіш қалай?

— Быыл 5 айда аудан бойынша 277 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 8,1 промилльді құрады. Былтыр 316 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 9,4 промилльді құраған. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 1,3 промилльге төмендеп отыр.

— Скрининг бағдарламасы бойынша нөндері жұмыстар жүзеге асуда?

— «Скринингті зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, кө-

лемі мен көзөңділігін бекіту бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді. Қанайналым жүйесі аурулары ерте анықтау был 2512-ге жоспарланған бүгінде меже 73,8 пайызға орындалып отыр. Нәтижесінде 115 жағдай анықталды, «Д» есепке алынғаны — 115.

Қант диабеті ауруларын ерте анықтау бойынша да мекеміз бар. Бүгінде ол 53,9 пайызға орындалып отыр. Анықталғаны — 21. Барлығы да «Д» есепке алынды. Ал глаукома ауруын ерте анықтау бойынша жоспарды 52 пайызға орындадық, бүгінде барлығы 15 жағдай белгілі болып, «Д» есепке алынды. Мұнан бөлек сүт безі қатерлі ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау, жатыр мойны қатерлі ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау, тік және тоқ ішек ісігі және ісік алды ауруларын ерте анықтау бойынша да тиісті жұмыстар жүргізілуде.

— Суицидтің алдын алу бойынша нөндері жұмыстар жүргізілуде, ауданда жалпы мұндай жағдайлар орын алып жатыр ма?

— Бұл дерттің алдын алуға арналған арнайы жол картасы бағдарламасы бар. Соның аясында түгел төбы жасақталып, тексерулерден өткізілуде. Осы маңызды бағыт бойынша Жалағаш аудандық ауруханасында 4 психолог, 17 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Тәуелсіз психологиялық психолог кеңесі беріліп, топтоқоррекциялық жұмыстар, яғни кеңес беру, түсіндірме жұмыстары, өзіндік бағалауын көтеру, өмірге деген құштарлықтарын арттыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Күйзелістің алдын алу тақырыбында халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстары күшейтілуде. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына сәйкес, психолог мамандар суицидтің алдын алуға жалпы 5 айда халық арасында акция өткізіп, оған 62 тұрғын қатысып, сонымен қатар 2 семинар ұйымдастырылып, 158 тұрғын қамтылған, 2 тренинг өткізіліп, 37 тұрғын қамтылған.

Был өзін-өзі қол жұмсау әрекетіне барған 6 жағдай тіркелсе, оның ішінде 5 аяқталмаған суицид жағдайы орын алды. Жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол салу бойынша 1 жағдай тіркелді. Былтыр өзін-өзі қол жұмсау әрекетімен 2 жағдай тіркелген.

— Быыл 5 айда ауруханада портал арқылы қанша науқас ем алды?

— 2023 жылдың 5 айлық есебі бойынша

ауруханаға емханадан жоспарлы түрде портал арқылы 1 331 науқас жатқызылды. Сонымен қатар шеттетілген науқастар саны — 64. Шеттетілген науқастардың себебі бойынша 33 жағдай жазбаша түрде бас тартқан, шұғыл түрде ауруханаға жатқызылғаны — 22, госпитализацияға жоспарланған ауруханаға жатқызуға қарсы көрсеткіштер — 8.

— Ауруханада көрсетілген жалпы қызмет қалай? Оған науқастардың көңілі тола ма?

— Стационарлық көмек 150 тесек орындық ауруханамен көрсетіледі, оның ішінде жаңа ауруханада 115 тесек және жұқпалы аурулар бөлімі 15 тесек орынмен жұмыс жасайды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығы бойынша балалар арасында маусымдық аурулардың көбеюіне және асқын жағдайларының көбеюіне байланысты «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» саниториялық қағидаларын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жұқпалы аурулар бөлімінен балаларға арналған 15 тесек орын ашылды. Коронавирустық инфекцияға қарсы 5 тесек орын уақытша ашылды. Сонымен қатар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсетуге медициналық көрсеткіштерді тиімді пайдалану үшін аудандық аурухананың тәуелсіз және күндізгі стационар бойынша тесек орындардың 20 наурыздан бастап қайта бейіндендіру бұйрығы бойынша тәуелсіз стационардың неврологияға 2 тесек, терапия бөліміне 3 тесек ауыстырылды. Қазіргі кезде аудандық аурухана бойынша тәуелсіз стационар тесек орыны — 161. 2021 жылдың шілдесінде бастап ауылдық ауруханалар толығымен жабылып, тесек орындары аурухананың терапия бөліміне берілді. 2022 жылдың басынан аурухананың қайта құрылуына келтіру бөліміше 20 тесек орын, 10 тесек орын паллиативті бөлімше және терапия бөліміше шешінен ревматология бөліміше ашылып, жұмыс жасауда.

2023 жылдың 5 айында аурухананың статистикалық көрсеткіштерінің артқанын жыл басынан бері бекітілген жоспарға сәйкес, яғни «Міндетті әлеуметтік сақтандыру» бағдарламасы бойынша бөлімшелерге бекітілген

жоспар бойынша науқастар жатқызылып, ем жүргізілуде.

Аурухананың негізгі көрсеткіші өлім-жітім жағдайымен бағаланатыны белгілі. 2022 жылдың 5 айында барлығы 2 128 науқас емделсе, ауыр жағдайда түскен 9 науқас қайтыс болған. 2023 жылдың 5 айында 2 484 науқас емделіп, ішінде 2 науқас қайтыс болды.

Жалпы, көрсетілетін қызметтер осындай, ал оған науқастардың көңілі тола ма деген сауалымыздың жауабын халықтан сұраған дұрыс. Өз-өзімізге баға берген ыңғайсыз шығар, шамамыз келгенше еңбек етіп, елдің алғысын алып жатырмыз.

— Алағ қойған мақсат-міндеттер жайлы айтып өтсеңіз...

— Ана мен бала және ұрпақты болу жасындағы әйелдердің денсаулығын қорғау жұмысын жандандыру, ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында өңгізілген «Эффективті перинаталды технологиясы» және БШАБЕ бағдарламаларын әрі қарай жалғастыру ұдайы жүргізіле береді. Сондай-ақ пилоттық патронаждық қызметтің жұмысын жандандыру, саби өлімін болдырмау және алдын алуға бағытталған қысқамерзімді жоспармен жұмыс жасау назардан түспейді.

Емдеу-диагностикалық жұмыстарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында аудан бойынша медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру және мастер-класс тәжірибесін тиімді пайдалану, емдеу және алдын алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, ҚР Денсаулық сақтау министрілігі қабылдаған меморандумға байланысты негізгі көрсеткіштер индикаторларын жоғары нәтижелерге жеткізу басты мақсатымыз болып табылады. Аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, аурудың алдын алу шараларын жүргізу, ол үшін салааралық қызметтерді жандандыру, бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесу отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау жұмыстары жалғасады. Сондай-ақ «Цифрлы Қазақстан» бағытында мекеме жұмысын толығымен біріктірілген ақпараттарды жүйесіне енгізу арқылы қағазсыз мекеме принципін жұмыс жасауды жандандыру, МӘМС жүйесі бойынша халықты ақпараттандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу күн тәртібімізден түспейді. Тұрғындар денсаулығын күзетуде уақытпен санаспайтын әріптестеріміздің еңбегін жоғары бағалаймын. Алдағы уақытта да елдің ертеніне ұжым болып еңбек ете береміз. Денсаулық бәрінен маңызды, осыны тұрғындар, қарапайым халық түсіне дегіміз.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Нұрайым МЫРҚИЕВА

Өмір жолы өнеге. Ауданның денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, елдің алғысына бөленген Ханзулла Садуақасұлының есімі Жалағаш жұртына етене таныс. Қиын кезеңдерде, медицина саласы озық аппараттармен, қажетті құрал-жабдықтармен жарақталмаған тұста да ол антына адалдық танытып, талай науқасты дерттен айықтырды. Осылайша кейінгі буынға үлгі болып, олардан мықты қадр қалыптастыруға саналы ғұмырын сарп етті.

Ханзулла Көметов 1950 жылы 15 қаңтарда Аққұм ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Алматы медициналық институтын бітіріп, Аққыр ауылдық ауруханасында дәрігер болып еңбек жолын бастайды. 1974-2000 жылдары аралығында Аққыр ауылдық ауруханасының бас дәрігері, Аққыр ауылдық ауруханасы Қызылқұм, Қарақұм мал жайылымдарында еңбек ететін тұрғындарға медициналық көмек көрсетті. Сапалы қызмет жоғары бағаланып, ауылдық аурухана бірнеше рет облыстық және ауылдық емдеу мекемелерінің арасында I орынды иелен-

ді. Бұл жұмыстарды үйлестіруде, елдің сапалы медициналық қызметке қолы жеткініде Ханзулланың үлкен еңбегі барын аққырлықтар жақсы біледі.

Ол салада еңбек ете жүріп, бірнеше рет ауылдық кеңестің және аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды. ҚР дәрігерлері мен провизорларының I съезінің делегаты да болды.

Ханзулла Садуақасұлы 2000-2005 жылдары аралығында аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, 2005-2014 жылдары ОДСБ-ның Жалағаш ауданы бойынша өкілі, аудандық

емхананың бас дәрігері қызметін қоса атқарды. 2016-2019 жылдары аралығында Жалағаш аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі болды. 2015 жылдан аудандық денсаулық сақтау бөлімінде бастауыш партия ұйымының төрағасы, аудандық қоғамдық кеңестің төраға мүшесі қызметін атқарды.

Сала ардагері науқастардың дертіне дауа табуымен елдің есінде қалды. Жұмыста қажырлы маман, отбасында асқар тау өке болып, кейінгі буынға өнегелі өмірімен үлгі болды. Жұбайы Қарлығаш — медицина саласының ардагері, үлкен ұлы Рүстем — УДЗ дәрігері, Ғалымжаны — дәрігер-рентгенолог, келіні Әсел — балалар дәрігері, қызы Ақнұр — дәрігер-кардиолог, Райхан — дәрігер-эпидемиолог, ұлы Ернар — дәрігер-уролог, жұбайы Айгерім — балалар дәрігері. Бір сөзбен айтқанда, Көметовтер әулетін дәрігерлер отбасы десе де болады. «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген осы шығар, сірә. 2019 жылы Ханзулланың бастауымен отбасылық кәсіп дүниеге келді. Бүгінде аудан орталығындағы «Каметов Клиникасы» ЖШС облыс, аудан тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетіп келеді.

Атпал азамат ауыл тұрғындарының денсаулығына жұмыс жасаған уақытта шағын ұжымдарды ұйымдастырып жұмыс жасауды, әр 10 үйге медициналық қызметкер бекітіп, тұрғындардың денсаулығын қадағалауды жақсылап қолға алды. Бұл бастама кейін өз жемісін берді де. 1988 жылы сол кездегі Обкомның I хатшысы Е.Әуелбековке Аққыр ауылы тұрғындары арасында жұқпалы ішек ауруларын болдырмау үшін таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі қойылып, Е.Әуелбековтің тікелей көмегімен Аққыр ауылының орталығында 5 шақырымдық жаңа су құбыры жүйесі іске қосылған. Нәтижесінде осы күнге дейін шағрай ауылда жұқпалы

індет тіркелген жоқ. 1991 жылы Аққыр ауылы территориясынан Байқоңыр қаласына тартылған тәуеліне 150 мың текше метр жерасты суын айдайтын «Дальний» су құбырын тоқтатуға жұмыс жасаған Ханзулла Қызылқұмды құтқару комитетіне қоғамдық негізде жетекшілік етіп, соның арқасында жерасты су қоры қорғалып қалды.

Сала ардагерінің тұсында аудан тұрғындары денсаулығын жақсартуға мемлекеттік бағдарламалар басшылыққа алынып, тиянақты жұмыс жасалды. Бұрын жабылып қалған Ақарық ауылдық ауруханасы, Аққұм ауылдық ауруханасы, Мәдениет ауруханасы 10 тесекке ұлғайтылып, 2004 жылы Қарақатқөк 2005 жылы Аққыр ауылдық ауруханасы іске қосылды. Ғимаратсыз қалған Мырзабай ахуң Ақарық, Ақсу, Мақпалкөл Жаңаталап ауылдарындағы шаруашылық ғимараттар жергілікті тұрғындардың келісімімен теңгеріміне алынып, емдеу мекемелері ашылды. Мырзабай ахуң, М.Шәменов, Ақсу ауылдарының келешек дамуы облыстық басқармалар алдында дәлелденіп, медпунктер орнына дәрігерлік амбулатория ашылды.

Денсаулық сақтау министрілігі және облыстық басқармалар мен аудан орталығына ауысымына 250 көрінушіге есептелген аудандық емхана, 20 тесектік жұқпалы аурухана, 9 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 4 медициналық пункт ұсынылып, сәтті қорғалып, пайдалануға берілді. 2002 жылы, яғни Денсаулық жылы аясында үнемделген жергілікті бюджет есебінен 20 мектепте медпункт ашылды. Барлық емдеу мекемелерінің ғимараты 2013 жылға дейін орталықтандырылған жылу жүйесімен жылытуға қол жеткізілді. Емдеу дерттің алдын алу мекемелері ғимараттарының санитарлық талаптарға сай жөнделіп, жылытудың арқасында қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толықтырылып, ерте диагнос-

тикалауға мүмкіндік жасалды.

Аудандық емхана 2007 жылы Ханзулланың тікелей басшылығымен облыстық емдеу ұйымдарының арасында медициналық қызметті ұйымдастыру мен сапалы қызметі үшін I орынды жеңіп алды. 2011 жылы республикадағы үздік 50 мекеме қатарында «Бүгін үздік — сен, ертең бәрі» жобасына қатысып, үздік атанды. 2009 жылы оған ҚРДСМ аттестациялық комиссия шешімімен жоғары санатты денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы, әлеуметтік гигиенист квалификациясы берілді.

Осында уақыт өткен еңбек еш кеткен жоқ. Ол бірнеше рет марапат төрін көрініп, абыройға кенелді. 1986 жылы «Құрмет белгісі» ордені, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» тесбелгісін кеудесіне тақты. ҚР Президентінің алғыс хатымен, «Қазақстан Дұңқыр орденімен», ҚР ДСМ «Еңбек ардагері» тесбелгісімен марапатталды. 2019 жылы сала ардагеріне Жалағаш ауданының 80 жылдығы қарсаңында Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Тізе берсек, Ханзулланың еліне еткен еңбегі жетерлік. Тұрғындар денсаулығын уақытпен санаспай күзеткен азамат қандай марапатқа да лайық. Жалағаш жұрты бұрыннан өткенін ұлықтап, өмір жолын кейінгі буынға есиет етуде салтынан жаңылған емес. Ханзулланың да саналы ғұмыры жастарға үлгі болары анық. Сондықтан біз мұндай азаматтарды кейінгілерге насихаттағаннан ұтпасақ, ұтылмаспыз хақ. Атпал азаматтың атына аудандан бір көшені берсе де артық етпейтіні анық.

Мұқан МҰРАТБАЙ, Алағас ауылдық округінің ардагері



# Сөз маржанын теремін



Жалағаш жұртына Айша Есенбаева апамыздың есімі жалынды жырларымен етене таныс. Ауыл шаруашылығы саласының серпін алуына үлес қосқан ардагер апамыздың егіс даласында жүрсе де нығынан кетпені, қолынан қаламы түспеген. Осыған дейін редакциямен тығыз шығармашылық байланыс орнатқан Айша Есенбаева аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі болып, өңірдегі өзекті мәселелерді өз еңбегіне арқау еткен болатын. Газетіміздің бүгінгі санында жергілікті ақынның жыр шумақтарын жариялауды жөн көрдік.



## Сөз маржанын теремін

Өлең – теңіз, мен – кайық,  
Бетінде жүзіп келемін.  
Өмірге құлаш кең жайып,  
Сөз маржанын теремін.

Өмірдің қызық кезеңін,  
Жырламасаң, менде айып.  
Орманым, тауым, өзенім,  
Тербетпесең, сенде айып.

## Шыншыл болғым келеді

Шыншыл болғым келеді,  
Көп ойланып толғанар.  
Сыршыл болғым келеді,  
Әділдікті бетке айтар,  
Шыншыл болғым келеді.

Сөз маржанын теремін,  
Ақын болғым келеді.  
Бәріненде еңбекте,  
Батыл болғым келеді.

Армандаған биікке,  
Жете бергім келеді.  
Асулардан сүрібей,  
Өте бергім келеді.

Жыр теңізін сескенбей,  
Кеше бергім келеді.  
Қиындыққа дес бермей,  
Өсе бергім келеді.

## Ана

Атың неткен құдыретті аналар,  
Сенің мұның жүрегімді жаралар.  
Бір өзіңнен бүкіл елге, әлемге,  
Ыстық сезім, ыстық сезім таралар.

Ана сенің бүршік жарған гүліңмін,  
Көмейіңнен төгілетін үйіңмін.  
Кейді тіпті ажарыңды ағартар,  
Аспандағы шуағы мол күніңмін.

Ана, ана атыңды кір шалмайды,  
Сенің қызың бүкіл жерді шарлайды.  
Терді төксең еңбек етіп, құлшынып,  
Өз қолыңнан бітпей бір іс қалмайды.

Ана, ана қалайсың тек биікті,  
Үлесіңе тек жақсылық тиіпті.  
Ақылдылық, мейірімділік осынша,  
Қалай ғана кеудеңізге сыйыпты.



## Жазып өтем біліңдер жазарымды

Көрдім талай өмірдің соқпақтарын,  
Өлеңімді жазуды тоқтатпадым.  
Дос сүйсініп, дұшпаным күйінердей,  
Теріс істі жөн сөзбен тоқтатпадым.

Дарынды өсірмейді, өшіреді,  
Қандай жан бұл әдетті кешіреді.  
Сынасаң, сынға төзбей безек қағып,  
Әділдігің үстем болып шешіледі.

Зейнетке шықсаң да мен отырмаймын,  
Басында жүргендеймін әрбір істің.  
Соңында қала алмаймын біле білсең,  
Осынау өрге тартқан ұлы көштің.

Тежей алмас ешкім де дарынымды,  
Таптай алмас ешкім де таза арымды.  
Бойымда таусылмастай дарын барда,  
Жазып өтем, біліңдер жазарымды.

## Абзал ағалар


Өмір өзен бір тынбайды, ағады,  
Асау толқын ұрғылайды жағаны.  
Ақыл-кеңес айтып тұрса алдыңда,  
Кім жек көрер ақшашты абзал ағаны.

Ағаларым берер мүмкін бағаны,  
Желпіндірер, жетілдірер сананы.  
Биіктесін таудай болып талабы,  
Өз ісінің болсын дейді маманы.

Ағаларым – асқар тауым, тірегім,  
Сіз деп соғар бойымдағы жүрегім.  
Бір күн көрмей қалсам егер мұндайып,  
Қапаланып қайғырумен жүдедім.

Пір тұтамын ағалардың есімін,  
Ойласаңдар айтқанымның несі мін?  
Құл аламын қолды жайып әр уақыт,  
Тура айтқан әділдіктің шешімін.

Соғыс көрген жүрек қазір қапалы,  
Сиремесін ағалардың қатары.  
Қол жаямын алдарына бас иіп,  
Алу үшін ақ ниетті батаны.



## Егемен елде тұрамын

Арнаймын жырдың бұлағын,  
Тілім – өткір құралым.  
Отау тіккен жаңадан,  
Егемен елде тұрамын.

Болса егер маған сұрағың,  
Тәуелсіз елде тұрамын.  
Дінсіз деп мені сөкпеші,  
Қолымда қалың құраным.

Сөнбесін жанған шырағың,  
Төгілсін тасып сыр-ағын.  
Арапап кейде кешемін,  
Ойдың әсем гүл бағын.

Болса да қанша сұрағың,  
Жүректі тербейді жыр-ағын.  
Өзекті жарып шықса өлең,  
Қолымда қалам құралым.

Кез болсын қанша қиындық,  
Қасқайып қарсы тұрамын.  
Бұзып жарып өтемін,  
Болса да қалың тұманың.

Ағызам жырдың бұлағын,  
Өсірсең елдің ұлапын.  
Өсекті айтып өрбітсе,  
Тас керең болсын құлағым.

## Неге адамдар бір-біріне өшігеді?

Жылы сөздер жібектей есіледі,  
Ой түйіні айтқанда шешіледі.  
Жеткізсем бар сырымды айтып көпке,  
Неге адамдар бір-біріне өшігеді.

Мансапқорлық дәрежені өсіреді,  
Қорқаулықты қандай жан кешіреді.  
Адамдықты, адалдықты жоғары ұстап,  
Жалғандықты, надандықты өшіреді.

Уақыт дәрменсіздіктен кешігеді,  
Тауып жүрмін әйтеуір несібемі.  
Бойымда дарын барда, қолда қалам,  
Ерте ме, кеш пе келер бір есебі.

## Не жаман

Біреудің атын бүркеніп,  
Атақ құған сол жаман.  
Сөздің парқын ойламай,  
Шатақ құған сол жаман.


Достарының сыртынан,  
Арыз жазсаң, сол жаман.  
Мезгілінде бермейтін,  
Қарыз алсаң, сол жаман.

Қосылған сүйіп жарыңды,  
Сыйламасаң, сол жаман.

Асыл сөзден қасына,  
Жинамасаң, сол жаман.

Оспадар, арсыз мінезді,  
Тия алмасаң, сол жаман.  
Білім, өнер бойыңа  
Жия алмасаң, сол жаман.

Және басқа не жаман,  
Алауыз болған ел жаман.  
Достарын жауға қалдырып,  
Басын қорғар ер жаман.





Бірнеше күннен бері қаншама адам Абай облысындағы өршіген өртпен арпалысуда. Аптап ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор. Өрт көбіне орман қорына көршілес орналасқан шаруа қожалықтары және ауыл шаруашылығы ұйымдарына тиесілі шабындықтарда өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан болып жатады. Ал жаз айы басталып, күннің қызуы күшіне мінгенде еліміз тілсіз жаудың құрығынан құтыла алмады. Өкінішке орай, елді дүрбелеңге салған орман өртінің екпіні әлі басылмады.



## Салғырттық сан соқтырды

Иә, қазақстандықтарды әбгерге салған тілсіз жау әлсін-әлсін күшіне мініп, оның қою қара түтіні көрші облыстарды да лаптап үлгерді. Ауа райының жоғары қысымы, аптап ыстық пен құрғақшылық қызыл жалынның өршуіне себеп болып отыр. Оны ауыздықтау өсте мүмкін болмай тұр. Қанша адам мен қанша техниканың күшіне әл бермей жатқан өрт қазірдің өзінде қаншама шығын әкелді. Қайғылы оқиға орын алған Абай облысына іс-сапармен барған Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сапар барысында орман алқаптарындағы өрт сөндіру жұмыстарымен танысты. Сонымен бірге шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізіп, өрт кезінде қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің жақындарымен де кездесті.

баға беруді тапсырды.

Расында өрттің де, судың да артында адамның тағдыры тұр. Әсіресе жаз мезгілінде қуаңшылық орын алған жерде өрттің өршітіні бәсеңден бөлгілі. Шөптердің жануына, орман-тоғайдың өртке орануына далада жатқан шыны, сынық әйнектердің қызуы, жол бойында автокөліктерден лақтырып кеткен өшірілмеген темекі тұқылдары, найзағай, шөп ору жұмыстарына қатыстырылатын тракторлар мен агрегаттардың жарамды шоқ өшірілген жабдықталмауы себеп болуы ықтимал. Қасқағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырған өрттің адам үшін қауіп басым.

Ал бүгінгі тұтас елдің қабырғасын қайыстырған орман өрті ең басты құндылық 14 адамның өмірін жалмады. Қазіргі уақытта 60 мың гектарға жуық орман алқабы өртке оранған.

Жаңа министрдің айтуынша, жағдай бақылауға алынған. Бірақ ауа температурасының көтерілуіне және елдің ұлғаюына байланысты өрт одан әрі өршуі мүмкін. Өткенге көз салсақ, Қазақстан тарихында тілсіз жау, тосын апаттардың салдарынан болған жалпұлттық аза тұту күні осымен 12-ші рет жарияланып отыр. Мәселен, 2006 жылдың 20 қыркүйегінде Қарағанды облысының Шахтинск қаласындағы Ленин атындағы шахтада Метанның жарылуынан 41 кенші қаза тапты, жеті жұмысшы зардап шекті. Шахтада 368 адам болған кезде жарылыс болған. Жарылыс толқыны төрт жарым шақырымды қамтыды. Бір тәулік ішінде қаза тапқандар мен зардап шеккендердің денесін жер бетіне көтерді. Кейінірек қаралы күн жарияланды.

2008 жылғы «Абай» шахтасындағы метан жарылысы кезінде де шахтада 191 адам болған. Жарылыстан кейін Лавада өрт шығып, қайғылы оқиға 30 адамның өмірін қиды.

Ал Қызылағаштағы су тасқыны Қазақстан тарихындағы ең жойқын су тасқындарының бірі болды. Қайғылы оқиғадан 43 адам қаза тапты, оның ішінде сегіз бала бар. 300 адам түрлі дәрежедегі жарақат алып, 146 үй толығымен бұзылды, 251 үй қирап, 42 үй зақымдалды.

Аза тұту күнінің жариялануына себеп болған тағы бір қайғылы оқиға «Арқанкерген» шекара қызметіндегі 14 шекарашы мен қорықшының қаза табуы еді.

2012 жылы да қазақстандықтарды дүр сілкіндірген қайғылы оқиғаны бі-

леміз. Шымкент маңында Ан-72 әскери ұшағы апатқа ұшырап, оның бортындағы 27 адамның барлығы қаза тапты.

Араға жыл салып, SCAT компаниясының ұшағы апатқа ұшырады. Әуе апаты салдарынан бортта отырған барлығы 21 адам қаза тапты.

Ел тарихында мұнан бөлек 12 адамның өмірін жалмаған ВекАіг ұшағының апатқа ұшырауы да аза тұту күніне алып келді.

Бала күнімізде үлкендерден дастарқан басына жиналған сайын «Еліміз, жерімді тосын апат, ауру-сырқау, бәле-жәледен сақта» деп сыйынып отыратынын көруші едік. Сондағы тосын апат дегені осы тілсіз жау екен ғой.

Табиғаттың тосын мінезіне дайын болмасақ, сан соғып қалатынымызды тағы бір түсінгендейміз. 14 отандасымыздан айырылды, 14 шаңырақ қара жамылды, аналар зар илеп, балалар жетім қалды. «Бейбіт күнде бұлай қайғыдан қан жұтатындай не болды?» деумен отыр қара жамылған отбасылар.

«Мәселен мені қашан табады?» деп отыра бергенше, «сақтансаң ғана сақтайтының» естен шығармасақ екен.

Нуржамала АЛМАСҚЫЗЫ

## Маман мерейі



## Алғыс арқалаған абзал жан

«Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты» деп неміс философы Артур Шопенгауэр айтқандай, адамның ең қымбат байлығы – денсаулық. Ал денсаулықтың қорғаны – дәрігер. Рас, басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса, ақхалаттылардың көмегіне жүгінеміз. Себебі олар әр минут сайын адам өмірін құтқаруға бар күш-жігерін салатын әрі өмір мен өлім үстіндегі жанның дертіне дауа тауып, әрқашан көмек қолын созуға дайын тұрады. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін осындай маңызды салаға бүкіл өмірінің шұғылалы сәттерін денсаулық саласының жақсаруына, ана мен бала саулығына, аудан тұрғындарының денсаулығына арнап келе жатқан ақхалатты абзал жандардың бірі – Гүлжайна Ерланқызы.

Халық денсаулығының мықты болуы медицина саласында еңбек етіп жүрген дәрігерлердің қолында екені белгілі. Денсаулық саласында жемісті еңбек етіп, халықтың алғысына бөленіп жүрген білікті дәрігермен тілдеспек болғанымызда алдында кезекте тұрған науқастың көптігін айтып, кейін хабарласуымызды сұрады. Осыдан-ақ Гүлжайна Ерланқызының жұмысына жауапкершілікпен қарап, тұрғындардың саулығын басты назарда ұстайтынын аңғаруға болады.

Дәрімен де, сөзімен де адам ауруына шипасын беріп, көңілге сәулелі жүрген кейіптеріміз 1998-2010 жылдары аралығында Ақсу ауылындағы №116 орта мектепте білім алған. Бала күнінен дәрігер болуды армандаған ол сол арманына жету үшін 2010-2017 жылдары Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина университетін «Жалпы Медицина» факультеті бойынша оқып, 2015-2017 жылдары «Жалпы тәжірибелі дәрігер» саласы бойынша интернатурадан өткен. Еңбек жолын ең алғаш 2017 жылдың тамызда Жалағаш аудандық ауруханасында жалпы тәжірибелі дәрігер болып бастаған. Гүлжайна Ерланқызы – қазіргі таңда №5 аймақ тұрғындарының жауапты дәрігері.

Қазіргі сәтте маған қарасты аймақта 1600-ден аса тұрғын бар. Біз тұрғындарды жылда скринингтік тексеру, флюорографиялық тексеруден өткізіміз қажет. Алайда кей тұрғындар денсаулығына нәміқұрайлы қарап, уақытылы тексерілмейді. Сол үшін көше аралап, тұрғындардың уақытылы тексеруден өтуіне жүйелі түрде жұмыс жасап келеміз. Қазір тұрғындардың көбі қанқысымы, қант диабеті, асқазан ішек-жолдарымен ауырады. Осы тұста науқастарға тегін дәрі-дәрмек таратып, аурудың алдын алу шараларын жүргізудеміз, – дейді дәрігер.

Гүлжайнамен қатар №5 аймақта Айдаңа Сыздық, Бану Зетенова, Сәуле Дүйсенбаева сынды мейібан мейібікелер аудан тұрғындарының саулығы үшін күндіз-түні қызмет етуде. Пандемия кезінде көпшіліктің көңілін тауып, індеттің бетін қайтару жолында қажырлы еңбек етіп, медициналық қана емес, психологиялық та көмек көрсетіп, тұрғындарды сақтық шараларын сақтауға шақырып, карантин ережесіне бағынуды да насихаттаған Гүлжайна дәрігердің еңбегі ерөн. Ауру өршіп, індет дендеген уақытта оның алдын алуға барынша атсалысып, қолынан келген көмегін аямай, білек сыбана кірісіп, пандемия кезінде науқастармен тығыз байланыста болған дәрігерлер бүгінгі күннің батырлары десек те болады.

Жергілікті тұрғындарға дәрігерлік қызмет көрсетуде өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірибелі маман екенін бірнеше мәрте дәлелдеген кейіптеріміз – өз учаскесіндегі тұрғындардың ризашылығына бөленіп, алғыс арқапал жүрген ақхалатты абзал жан.

Гүлжайна дәрігер өз қызымдай болып кетті. Үйге жиі келіп, қан қысымымды өлшеп, жағдайымызды сұрап тұрады. Мектеп жасындағы балалармен, жас сәбилерді, зейнеткерлерді үнемі өз бақылауында ұстайды. Таңнан қара кешке дейін әрбір науқасты уақытылы емдеп, деніне саулық сыйлап жүрген Гүлжайна қызыма алғыстан басқа айтарым жоқ, – деді кент тұрғыны Ақбергел Адилов.

Өмір жолын денсаулық саласымен ұштастырып, халыққа көмек көрсетуде аудан тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген ақхалатты абзал жан алдына келген науқасты тек терісіне қана қоймай, толық емделіп шығуы үшін арнайы ем-дом шараларын жүргізеді. Жағдайы ауыр науқастарды қажетті ем алуы үшін күндізгі бөлім немесе арнайы порталмен ауруханаларға жатқызып, аяққа тік тұруын басты назарда ұстайды. Сондай-ақ көше аралап, жаңа туған нәрестелер мен аналардың денсаулығын қадағалайды. Бұдан бөлек ай сайын жоспарға сәйкес тұрғындарды рентгенге түсіру, скринингтік тексеру, жүрегінің холтерға түсіру, узиге түсіру сынды бірқатар жұмыс атқаратынын, жаңа туған нәрестелерді 2 айлығынан бастап екпеге шақыратынын атап өтті. Гүлжайна Ерланқызы – тәжірибелік білімін жетілдіріп, өз саласында ем жүргізудің барлық әдіс-тәсілдерін жетік меңгеруде үнемі ізденіс үстінде жүретін білімді дәрігерлердің бірі.

Бүгінге дейін ол жемісті еңбегі үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының «Құрмет» грамотасымен және аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған. Кейіптеріміздің өмір бөлегстеріне тоқталар болсақ, отбасы берекесін келтіріп отырған қазақтың қарапайым келіні. Асыл жер, 4 баланы өсіріп отырған аяулы ана.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

## Спорт



## «Манчестер Сити» – чемпиондар лигасының жеңімпазы

Сенбиде Стамбұлдағы Ататүрік атындағы Олимпиада стадионында өткен чемпиондар лигасының финалдық кездесуінде ағылшындық клуб «Манчестер сити» Миланның «Интерімен» кездесті. Иә, ақтық мәреге көрі құрлықтың ең мықты деген қос командасы іріктеуі шықса да, жанкүйерлер үшін бір команда ғана анық жеңімпаз болып есептелді. Ол – «қалалықтар», яғни Хосеп Гвардиоланың шәкірттері еді. Осылайша көрікұрлық лигасында көптен бері алғаш рет айқын фаворит бар. Әрине бұл «Интер» финалға лайық емес» деген сөз емес, өйткені Симоне Индзаги – финал ойындарының шебері. Оның есебіне жеңіп алған 3 Италия кубогы және 4 суперкубок бар. Яғни оның команданы маңызды ойынға дайындап, жоспар құрып, жеңіске жете алатын қабілеті мен тәжірибесі бар. Сондықтан дәл осы фактор «Интер» жанкүйерлеріне көрікұрлықтың ең үздік футбол клубы атануға үміт берді.

Алайда қазіргі «Манчестер ситидің» мықтылығына ешкімнің күмәні бола қоймас. Оны өз лигасындағы керемет ойындан бөлек, «Бавариямен» ширек финалдық қақтығыста, әсіресе «Реал Мадридпен» жартылай финалда көрсеткен ойындарынан байқауға болады. Десе де «бақ шаба ма, бап жаба ма?» демекші, теңбіл доптың қос аяққа бағынбай жатуы да өбден мүмкін. Міне, чемпиондар лигасы ақтық мәресінің сиқыры мен маңыздылығы осында.

Иә, Пеп Гвардиола шәкірттерінің әлсіз тұстары жоқ секілді көрінеді. Өйткені Холланд, Де Брюйне, Гюндогаң, Грилиш және Бернаруду Силва секілді жұлдызды құрам кез келген қарсыласына үрей мен сенімсіздік туғыза алады. Бір ерекшелігі, жылдың басты ойыны қарсаңында олардың құрамында осы күнге дейін ойыншылар шығыны жоқ, негізгі құрам сақадай сай.

«Неррадзурридің» де финалдық ойынға дайындық жағдайы жаман емес, десе де ойынға қатыса алмайтын футболшылары бар. Сапта бұрынырақ жарақат алған сол жақ қорғаушы Деальберт жоқ, сонымен қатар аргентиналық шабуылшы Хоаким Корреа қатыспады. Бірақ бұл екі ойыншы

да «Интер» үшін негізгі ойыншылар қатарынан емес, сондықтан бұл шығындарды елеулі деп атауға болмайды.

Осылайша көптен күткен жыл ойыны басталды. Бірінші таймда қарсыластар бір-бірінің осал тұсын таба алмады. Бірінші минуттан шабуылға кірісетін Пеп Гвардиола шәкірттері ақтық ойын болған соң ба, бәсең бастады. Көбінесе допты бақылауға алып, алаң ортасында қарсылас команданың осал тұсын анықтаумен болғандай. Оған қоса Пеп Гвардиола ойынның 36-шы минутында бельгиялық жартылай қорғаушы Кевин Де Брюйнені жарақатына байланысты ауыстырды. Сөйтіп команданың жүрегі деуге болатын ойыншы чемпиондар лигасының екінші таймында жарақат алып, ойыннан шығып қалды. Сол сәттен бастап италиялық команданың ойыны жүрді, допқа жиі иелік ете бастады. Дегенмен 45 минутта қос команда бір-бірінің қақпасынан саңылау таппай, есеп ашылмады.

Жанкүйерлер голды ойынның екінші кезеңінен күтті. Шыны керек, ағылшын клубтың 45 минутта қарсылас қақпасына бір гол тоғыта алмауы, футболсүйер қауымға күмән туғызды. Бірі «Егер қос

команда тең ойнап, пенальти болса, «Интер» чемпион атанады» десе, енді бірі «Екінші кезеңде «Интер» есеп ашады» деп бағамдап жатты.

15 минуттық демалыстан кейін ойынның екінші кезеңі де басталды. Тайм «қалалықтардың» қарқынды шабуылымен басталды. Үзілісте Пеп Гвардиола өзінің шәкірттеріне қамшы басатын сәт келгенін ескертсе керек, ашық көк түстілердің ойыны түрлене кетті. Одан бөлек бірінші таймда қарсыластарының осал тұстарын толықтай оқыған болуы керек.

Не керек, «Манчестер ситидің» кезекті шабуылдарының бірінде көптен күткен гол соғылды. 68-ші минутта ағылшын жартылай қорғаушысы Родри Андре Онанә қорғаған «Интердің» қақпасынан саңылау тапты. Дерек ойын өзгерді, есеп ашып, чемпион атануға бір қадам жақындаған қалалықтар шабуылын бәсеңдетіп, қорғанысқа көп көңіл бөле бастады. Ал Симоне Индзаги шәкірттері допқа көп иелік етуге тырысып, қысымды күшейтті. Шабуылдары да жиіледі. Бірақ Эддерсон қай кезде де орнынан табыла білді. Соңында «Интер» шабуылшысы Ромелу Лукаку қарсылас қақпасына

жақыннан соққы жасағанымен, ағылшын қақпасына қауіпті дереу қайтарды. Сөйтіп кездесу осы маусымда қарсылас шақ келтірмеген «Манчестер Ситидің» жеңісімен аяқталды, есеп – 1:0.

Жыл ойыны аяқталған соң «Манчестер Ситидің» бас бапкері Хосеп Гвардиола чемпиондар лигасының финалында еріптісі Симоне Индзагиді жеңу оңай болмағанын мойындады.

Шаршадық. Жеңіске жету өте қиын. Ойыншыларға үзілісте «Шыдамды болыңдар» дедім. Сәттілік серік болды. Эддерсон гол жіберіп алып, тең аяқталуы мүмкін еді. Бұл кубок бізге арналған екен. Біз бұл қуанышты отбасымызбен және достарымызбен қонақ үйде тойламақпыз. Дүйсенбиде Манчестерде шеру өтеді, – деді Хосеп Гвардиола.

Айта кетейік, Пеп Гвардиола шәкірттері «Манчестер Юнайтедтен» кейін т্রেблді аяқтаған екінші ағылшын клубы болды. Бұған дейін осы маусымда «қалалықтар» премьер-лига мен Англия кубогын жеңіп алған болатын. Сондай-ақ ерекше айта кететін жайт, «Манчестер сити» клуб тарихында алғаш рет көрікұрлық лигасының чемпионы атанды.

Иә, бұл атаққа ие болу үшін ағылшын клуб ұзақ жүрді, қаншама сәтсіздіктерді басынан өткізіп, ақтық мәреге келіп сүрінген сәттері де болған еді. Десе де мықтының мықты деу керек, бұл әйгілі жеңістен кейін «Манчестер сити» жанкүйерлерінің қатары көбейетіні сөзсіз.

Алтынай МҰРАТ,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
2 курс студенті

### Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

### Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

### Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

### Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 928